

Азаматтардың әлеуметтік қорғалатын санаттарына әлеуметтік көмектердің жекелеген түрлері туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 164 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 28 наурызда N 2007 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімі аппаратының 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 144 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімі аппаратының 2010.04.12 № 144 қаулысымен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, халықтың әлеуметтік қорғалатын санаттарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтардың әлеуметтік қорғалатын санаттарына әлеуметтік көмектердің жекелеген түрлерінің (бұдан әрі -Көмек) тізілімі, төлемдердің мерзімділігі 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2 Қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. әбдірахмановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Қ. Көшербаев

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2008 жылғы 28 қаңтардағы
N 164 қаулысына 1 қосымша

Азаматтардың әлеуметтік қорғалатын санаттарына әлеуметтік көмектердің жекелеген түрлерінің тізілімі, төлемдердің мерзімділігі

N	Әлеуметтік көмектің түрлері	Азаматтардың санаттары	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері	Мерзімділігі

1.	Токсан сайынғы әлеуметтік көмек	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
		Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері	1,5АЕК	тоқсанына 1 рет
		Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
		Жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
		Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға)	1,5 АЕК	тоқсанына 1 рет
2	Әлеуметтік көмек	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	1 АЕК	ай сайын
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар	1 АЕК	ай сайын
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар	1 АЕК	ай сайын
		Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері	1 АЕК	ай сайын
		Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар	1 АЕК	ай сайын
		Жалғыздікті зейнеткерлер	1 АЕК	ай сайын

3	Үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға әлеуметтік көмек	Үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балалар	5 АЕК	ай сайын
4	Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері мен атаулы күндер құрметіне әлеуметтік көмек	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	30.000 теңге	Ұлы Жеңіс күніне
		Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілер	25.000 теңге	Ұлы Жеңіс күніне
		Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілер	20.000 теңге	Ұлы Жеңіс күніне
		Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдар	20.000 теңге	Ұлы Жеңіс күніне
		Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері	3 АЕК	Ұлы Жеңіс күніне
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттары	3 АЕК	Ұлы Жеңіс күніне
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттары	2 АЕК	Ұлы Жеңіс күніне
		Ұлы Отан соғысы жылдары жаңқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарімен марапатталған адамдар	3 АЕК	Ұлы Жеңіс күніне
		1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жаңқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарімен марапатталған адамдар	2 АЕК	Ұлы Жеңіс күніне
		Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде		

	жараланудың, контузия алуудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	10 000 теңге	Ұлы Жеңіс күніне
	70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлер	2 АЕК	қарттар күніне (1 қазан)
	Барлық топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер, мүгедек - балалар	2 АЕК	Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі)
	Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға)	2 АЕК	Қазақстан Республикасының күніне (25 қазан)

Ш а р т т ы қ ы с қ а р т у л а р :
 А Е К - а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш
 АЭС - атомдық электр стансасы
 Маңғыстау о б л ы с ы ә к і м д і г і н і н
 2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 8 қ а н т а р д а ғы
 N 164 қаулысына 2 қосымша

Маңғыстау облысы әкімдігінің күшін жойған қаулыларының Тізілімі

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 92 Маңғыстау облысына "Оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс қоныстанған оралмандарға берілетін бір жолғы көмекке 2006 жылғы облыстық бюджеттен аудан мен қалалардың бюджеттеріне бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1944 санымен тіркелген).

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 118 "Қалалар мен аудандар бюджеттеріне 2006 жылға арналған облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1945 санымен тіркелген).

3. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 65 "Қалалар мен аудандар бюджеттеріне 2007 жылға арналған облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1968 санымен тіркелген).

4. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 66 «Маңғыстау

облысына "Оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс қоныстанған оралмандарға берілетін бір жолғы көмекке 2007 жылға облыстық бюджеттен аудан мен қалалардың бюджеттеріне бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1967 санымен тіркелген).

5. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 28 қазандағы N 365 "Нанға және тамақтың негізгі өнімдеріне бағаның көтерілуіне байланысты халықтың әлеуметтік-осал жіктерінің жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1984 санымен тіркелген).